

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбында дайындалған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Бекмағамбетова Роза Карпыковнаның жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс <i>ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес</i> Бүгінгі ұсынылып отырған, ғылыми - зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан туындаған көкейкесті тақырыптардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының өткен тарихи жолында, бүгінгі отандық білім жүйесінде де, реформалау мен дамытудың мағлұматтық, талаптық ережелік құжаттарында оқушыларға сапалы білім беру міндеті басты мәселе ретінде анықталып отырған. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі мектеп және түрлі типтегі мектептерде педагогикалық үдерістің мазмұндық сапасын көтеру болып табылады. Отандық білім саласының дамуындағы жаңа кезенді түсіндіру, тарихымызды ақиқаттық тұрғыдан оң бағалауға, мәдениет пен ағарту түрлі типтегі мектептердің мазмұндық құрылымы, олардың оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты жинақталған тәлім-тәрбиелік мұраларды Егеменді еліміздің бүгінгі күн талаптарына сай пайдалануға қажеттілігін басшылыққа алған. Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста, лицей мен гимназиялар мазмұндық құрылымдарына байланысты нақты бағыттық жүйелеген жұмыстардың әліде болса толық еместігін қарастырып өткен. Дегенмен де, Қазақстандағы лицей және гимназиялардың қалыптасуы мен

дамуы жайында орындалған зерттеушілік жұмыстар бар. Бірақ, осы мектеп жүйесі мен оның типтері жайында отандық зерттеулерде олардың қоғамда орын алуын жалпы қазақ білім беру жүйесінің тарихын түсіндіру аясында қарастырылатынын сипаттап береді.

Гимназиялар мен лицейлердің жұмысын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер», «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі», «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ереже», т.б. заңдық-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады.

Сонымен бірге, диссертант тақырыпқа *сәйкес келесі мемлекеттік бағдарламаларды* да қарастырған. Кеңес үкіметінің соңғы кезеңінде 1987 жылдан бастау алып, 1991 жылғы жаңа үлгідегі мектептер мен арнаулы орта білім беретін оқу орындары: лицей, гимназия, т.б. типтегі мектептердің құрылуы және қоғам мен әлеуметтік ортадын орын алуы жайындағы мәселенің сол кезеңдегі заңдық-құқықтық негіздегі талаптық ережелерге сүйенген. Сондай-ақ, 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР «Білім беру туралы» жаңа Заңы /1999 ж. 7 маусымда қабылданған/. Осы Заңға сәйкес бұрынғы талаптық - құқықтық ережелер негізі жаңартылып, мемлекеттік «Білім» бағдарламасы білім беру жүйесін реформалауды, қазіргі эконикалық, әлеуметтік және саяси жағдайға сәйкестендіруі мен ҚР гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелері /Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жин. -

			Алматы: Юрист, 2004. – 87-90-б/. 1992, 1999, 2007 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарың толықтырулары мен ерекшеліктері және ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /09 Желтоқсан 2020/ т.б. ресми құжаттарды басшылыққа алып, құқықтық-талапқа ережелердің жаңа жүйесіне талдаулар жасалғандығы сәйкестікті білдіреді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: Қазақстан Республикасындағы Білім беру жүйесінің, түрлі қоғамдық жүйеде Кеңестік және Егемендік кезеңдегі оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырудың жолдары мен оны жүзеге асырушы мектептер және жаңа типтегі /лицей, гимназиялар, т.б./ инновациялық мазмұндағы оқу-тәрбие мекемелерінің қалыптасу мен дамуы бүгінгі күні олардың, болашақ даму бағыты жайындағы мәселелерге тарихи тәжірибе мен қазіргі ғылыми теориялық және әдістемелік жүйеде ақиқаттық талдауларын жасауы көрініс табады. «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /27.12.2019ж./, ҚР Үкіметінің №988 қаулысы мазмұндарына сәйкестігі орын алған деп негіздеуге болады.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да жақсы ашылған. Себебі, Абиров Данияр Акпаровичтің

		/ашылмаған.	«Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысының тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі мынада. Бірінші ғылыми нәтиже, жаңа. Білім беру жүйесіндегі лицей - гимназиялар типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу арқылы талдаулар жасау (1987-2017 жж). Екінші ғылыми нәтиже, жаңа. 1987-2017 жылдардағы Қазақстандағы лицей және гимназиялардың құрылымдық мазмұнын айқындау. Үшінші ғылыми нәтиже, жаңа. Зерттеуге алынған 1987-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда лицей мен гимназиялардың педагогикалық жүйесінің құрылуын талдау және қазіргі осы типтегі мектептердің мазмұндық құрылымымен сабақтастығын анықтау. Төртінші ғылыми нәтиже, жаңа. 1987-2017 жылдар арлығындағы лицей және гимназиялар типіндегі мектептердегі педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын анықтауға бағытталған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу <i>деңгейі жоғары</i> екендігі теориялық тұрғыда ғалымдар еңбегіне талдау жасап, тәжірибе барысында алған нәтижелері негізінде дайындаған авторлық оқу-әдістемелік құрал, «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы (1987-2017)» элективті курс және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, Д.А. Абиров қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды

		байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері <i>ішкі бірлікке негізделіп</i> , орындалған. Зерттеу барысында, алынған нәтижелерді лицей және гимназияда оқыту арқылы, дарынды оқушыларды лицей және гимназия мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде, кәсіби біліктіліктерін арттыруға болады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i> . Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. 1987-2017 жылдарда Қазақстандағы білім беру саласындағы лицей мен гимназиялар қалыптасуы мен дамуының тарихи-тәжірибесі мен әдістемелік негіздерін анықтау. Зерттеудің мақсаты: 1. Білім беру жүйесіндегі лицей - гимназиялар типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу арқылы талдаулар жасау (1987-2017 жж); 2. 1987-2017 жылдардағы Қазақстандағы лицей және гимназиялардың құрылымдық мазмұнындағы ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау; 3. Зерттеуге алынған 1987-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда лицей мен гимназиялардың педагогикалық үдеріс жүйесінің құрылуын талдау және қазіргі осы типтегі мектептердің мазмұндық құрылымымен сабақтастығын анықтау;

		4. 1987-2017 жылдар арлығындағы лицей және гимназиялар типіндегі мектептердегі педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын анықтауға бағытталған «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы (1987-2017)» элективті курс және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан</i> . «Егеменді Қазақстанда лицей мен гимназиялар жүйесіндегі мекемелердің құруының тарихи-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда Қазақстанда лицей – гимназияның білім беру мекемелерінің құрылуы қоғамдық әлуметтік сипаты. Лицей мен гимназияларының білім беру жүйесінде құрылуының тарихи – педагогикалық аспектілігі. Лицей – гимназиялар типіндегі білім беру мекемелерін құрылу моделі көрсетілген. «Қазақстандағы лицей мен гимназия типіндегі білім беру мекемелерінде педагогиканың үдерісті ұйымдастырудың тәжірбиелік жолдары» атты екінші тарауында - лицей мен гимназия типіндегі білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың бағыттары мен тәжірбиелері, лицей мен гимназия типіндегі білім мен тәрбие беру мекемелерінің мазмұндық жүйесінің бүгінгі күнмен сабақтастығы. Зерттеу жұмысы бойынша Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017 ж.ж.) атты элективті курсты жүргізу және эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері берілген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Автор тақырыпты зерттеу барысында, белгілі шешімдермен салыстырған. Бағаланған шешімдерді негізге ала

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	отырып, авторлық тұрғыда сыни талдау барысында жаңа шешімдерін зерттеу жұмысы бойынша «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017 ж.ж.)» атты элективті курсты жүргізу тақырыбында негізделіп, <i>сыни талдау жасалған</i>. Осы ретте, сыни тұрғыдан ойлау, командалық жұмыс, креативтілік және коммуникация сынды қасиеттерге негізделіп жасалған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар толығымен жаңа</i> болып табылады. Атап айтсақ. 1. Қазақстандық білім беру тарихындағы лицей және гимназиялар типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеу нәтижелері (1987-2017 жж.); 2. КСРО Үкіметінің 1987-1991 жылдардағы соңғы ширегі мен Егемен Қазақстанның 1991-2017 жылдар аралығындағы лицей - гимназиялар мектептерінде, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздегі пікірлерді, қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйелеуді негіздеу; 3. Қазақстандағы 1987-1991 жылдар аралығындағы лицей мен гимназия мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі осы типтес мектептермен өзара сабақтастық байланысын негіздеу; 4. Зерттеуге алынған 1987-1991 жылдардағы кезеңдерде лицей-гимназия типіндегі мектептердің мазмұндық құрылымы және олардың қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік

			педагогикалық ерекшелігін ашуға бағытталған. «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы» (1987-2017 жж.) элективті курсты оқытудың қажеттілігін тәжірибелік жұмыстары арқылы дәлелдеу.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның тұжырымдары <i>толығымен жаңа</i> . Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары лицей – гимназиялар мұғалімдері кәсіби қызметінде, және педагогика мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының қолдана алады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>жаңа және толығымен негізделген</i> . Докторант барлық методикалық әдістерді қолданған. Гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде ұйымдастырған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда, ауқымды <i>дәлелдемелерде негізделіп, диссертант</i> негізгі нәтижелерін 10 мақалада жариялаған. Соның ішінде, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 5 Халықаралық ғылыми –практикалық конференциялар (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 4), 1 Республикалық ғылыми - практикалық конференциялар жарияланған.

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	7.1. қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар <i>дәлелденген</i>; 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар <i>тривиалды емес</i>; 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа; 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең; 7.4. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және Халықаралық және Республикалық конференцияларда, журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы <i>негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</i>. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені таңдау негізделген, әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің теориялық және әдістемелік базасымен, оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен, зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ элективті курс әдістерінің оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған.

		қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар және элективті курсты оқытудың қажеттілігін тәжірибелік жұмыстары арқылы дәлелдеу және расталған. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткі-лікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 209 Отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының тақырып бойынша шолу берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар өйткені, тарихи кезеңдерге ғылыми тұрғыда негізделіп, педагогика пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің моделі

			жасалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы</i> бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, педагогика мен психология мамандығы білімгерлері мен лицей – гимназия мұғалімдеріне арнап дайындаған элективті курсты тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) <u>жаңа емес</u> (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық <i>жазу сапасы жоғары</i> .

Қорытындылай келе, диссертацияға жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстар айтуға болады:

1. Диссертацияда зерттеуге жұмысының кезеңдеріндегі /1987-2017жж./ қоғамда орын алған білім беруді ұйымдастырудың таптық-құқықтық ережелерін бүгінгі күнгі ресми құжаттармен салыстырмалы талдаулар кеңінен жасалғанда дұрыс болар еді.

2. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстандағы білім беру жүйесінде орын алатын мектептер мен олардың типтік түрлерін мазмұндық құрылым тұрғысынан жүйелей отырып, талдау жүргізу керек еді деп түсінемін.


3. Ғылыми зерттеу жұмысын жазу немесе орындау барысында зерттеуші ғалымның өзіндік жазу стилін қалыптастыру қажеттілігі толық жетілмеген, осы мәселенің сапалы болуын диссертант келешекте ескерсе деген ұсынысымды да білідіремін.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан.

келтірілмейді және академиялық адалдық принциптеріне сәйкес деп бағалаймын.

Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Қорыта айтқанда, Абиров Данияр Акпаровичтің 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің,
педагогика ғылымының
докторы, профессор



Р.К. Бекмағамбетова

ЖАСТАЙЫМ:	Абай атындағы Қазіргі
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСҒЫ	НАҒДЫҢ ОТДЕЛА ПО
ЗАТТІК:	НАҒДЫҢ ОТДЕЛА ПО
КОЛЫ	КОЛЫ
ПОДПИСЬ	ПОДПИСЬ